"Мақтаарал ауданының
экономика және қаржы
бөлімі" мемлекеттік мекемесі

"Мақтаарал ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесімен ұйымдастырылған №15493737-1 мемлекеттік сатып алуының №80530300-ОК1 лоты бойынша түзілген 20.10.2025 жылғы №16052441 қорытынды хаттамасымен келіспейміз.

Қорытында хаттамаға сәйкес **«INCO Corporation» ЖШС-і** «Әлеуетті өнім беруші материалдық ресурстарына ие болу бөлігінде конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді (толық емес мәліметтер). №7 қосымшада белгіленген талаптарға сәйкес материалдық ресурс жоқ (құрылысқа байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары) Конкурс талаптарына сәйкес келмейді Жүк көтерімділігі 5 тоннаға дейінгі пластинкалы жүк көліктері (облыс шегіндегі тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тіркелген) -1 дана, Жүк көтергіштер, жүк көтергіштігі 5 т (облыс шегіндегі тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тіркелген) - 1 дана облыс аумағында тіркелмеген» негізімен конкурсқа қатысудан шеттетілген.

Алайда, талап етілген біліктілік талабындағы барлық материалдық ресурстары толығымен ұсынылған, оның ішінде конкурсқа қатысуға шеттетуге негіз болған «*Жүк көтерімділігі 5 тоннаға дейінгі пластинкалы жүк көліктері (облыс шегіндегі тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тіркелген)*» материалдық ресурсы 16.10.2025 жылғы келісім-шартпен «Alem Energo Stroy» ЖШС-нен алынған және «*Жүк көтергіштер, жүк көтергіштігі 5 т (облыс шегіндегі тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тіркелген)*» материалдық ресурсы Бектаев Максат Амирханович жеке тұлғадан 16.10.2025 жылғы түзілген келісім-шартқа сәйкес материалдық ресурсы толығымен ұсынылған, талапқа сай келеді,облыс аймағында тіркелген. Яғни, біліктілік талабында ұсынылған барлық материалдық ресурстары толығымен ұсынылған.

Осыған орай, **«INCO Corporation» ЖШС**-ін конкурсқа қатысудан шеттету негізсіз.

«INCO Corporation» ЖШС-нің директоры **Поречный А.С.**